

Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы

Күші жойылған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 685 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 554 қаулысымен.

Жұқпалы аурулар эпидемиясы мен адамдардың жаппай улануының, малдың індетке ұшырауы мен өсімдік ауруларының алдын алу, таратпау және жою саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы Ереже бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.04.28. N 389 қаулысымен.

3. Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияға орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұқпалы аурулардың эпидемиясы мен адамдардың жаппай улануының, малдың індетке ұшырауы мен өсімдік ауруларының алдын алуға, таратпауға және жоюға бағытталған ғылыми және практикалық қызметтерін үйлестіру жүктеледі деп белгіленсін.

4. Облыстардың, қалалардың және аудандардың әкімдері тиісті аумақтарда эпидемияға қарсы төтенше комиссиялар құрсын және Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы ережені басшылыққа алып, олар туралы ережелерді бекітсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жұқпалы ауруларға қарсы республикалық төтенше комиссия құру туралы" 1993 жылғы 21 қыркүйектегі N 913 және "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қыркүйектегі N 913 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" 1995 жылғы 10 мамырдағы N 636 қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 3 маусымдағы

№ 685 қаулысымен

Бекітілген

Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жасалған осы Ереже эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) негізгі міндеттерін, қызметін, құқықтарын және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

2. Комиссия консультативтік-кеңесші ведомствоаралық үйлестіруші орган болып табылады және жұқпалы аурулар эпидемиясы мен адамдардың жаппай улануының, малдың індетке ұшырауы мен өсімдік ауруларының алдын алу, таратпау және жою саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүргізу мақсатында құрылды.

3. Комиссия өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының министрліктерімен және мемлекеттік комитеттерімен, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдармен, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Комиссияның негізгі міндеттеріне:

орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың (бұдан әрі - заңды тұлғалар) жұқпалы аурулар эпидемиясы мен адамдардың жаппай улануының, малдың індетке ұшырауы мен өсімдік ауруларының алдын алуға, таратпауға және жоюға, Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғауға бағытталған қызметін үйлестіру;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың олардың құзыретіне қатысты мәселелер бойынша заң актілері мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобасын жасау жөніндегі қызметін үйлестіру, сондай-ақ белгіленген тәртіпте аталған құжаттардың жобаларын қарау, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

облыстардың, қалалардың, аудандардың эпидемияға қарсы төтенше комиссияларының қызметіне әдістемелік басшылық жасау мен үйлестіруді жүзеге асыру, эпидемиялық жұқпалы аурулар мен адамдардың жаппай

улануының, жануарлардың індеті мен өсімдіктер ауруының алдын алу, таратылу және жоюға бағытталған шараларды орындауға практикалық көмек көрсету кіреді.

II. Қызметтері мен құқықтары

5. Комиссияға аталған міндеттерді орындау мақсатында: эпидемиялық жұқпалы ауруларға және адамдардың жаппай улануына жол бермеу, аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таратылуының алдын алуға бағытталған шешімдерді жетілдіру;

заңды тұлғалар мен азаматтардың жұқпалы аурулардың, жаппай уланудың алдын алуға және жоюға бағытталған қызметтеріне әдістемелік басшылық жасау мен үйлестіру;

заңды тұлғалардың күштері мен қаражаттарын эпидемияға қарсы және індетке қарсы нақты шараларды орындау үшін тартуды ұйымдастыру;

эпидемияға қарсы және індетке қарсы шаралар жүргізуге байланысты карантиндік-шектеу шараларын енгізу және оны қолданыстан шығару;

жауапты тұлғалардың эпидемияға қарсы және індетке қарсы шаралардың орындалу барысы туралы баяндамаларын мезгіл-мезгіл тыңдау, тыңдаудың нәтижелері бойынша ұйымдық және практикалық шешімдер қабылдау;

денсаулық сақтау органдарының аурулардың таралуының алдын алу және олардың пайда болуы зардаптарын жою үшін мамандандырылған медициналық құралымдарын, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, басқа да министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың жедел топтарын аса қауіпті жұқпалы аурулар ошақтарына жіберу жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіру;

денсаулық сақтау және мал дәрігері органдарының бұқаралық ақпарат құралдарын қауіпті жұқпалы аурулардың профилактикасы бойынша халықты медициналық және мал дәрігерлік-санитарлық ағарту үшін пайдалану жөніндегі қызметтерін үйлестіру;

Қазақстан Республикасының аумағы мен одан тысқары жерлерде қауіпті аурулармен науқастанулар туралы ақпараттар жиналуына және талдануына бақылау жасау;

адамдар мен жануарлардың мекен ауыстыруына, жүктердің ауру ошағынан тысқары жерлерге тасымалдануына енгізілген шектеулердің сақталуына, басқа да карантиндік шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметін Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі қауіпті жұқпалы аурулар бойынша эпидемиялық және мал індеті жағдайы туралы хабардар ету жүктеледі.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 7 абзацындағы сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1998.04.28. N 389 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.14. N 576 қаулысымен.

6 . К о м и с с и я н ы ң :

орталық және жергілікті атқарушы органдардан адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің жұқпалы ауруға шалдығуы туралы ақпарат алуға; кәсіпорындардағы, мекемелердегі, ұйымдардағы жұқпалы аурулар мен тамақтан уланудың профилактикасы жөніндегі жұмыстардың жағдайына тексеру жүргізуге ;

адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің арасында жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу мақсатында карантиндік-шектеулік шараларын енгізу туралы шешім қабылдауға;

жұқпалы аурулардың алдын алу, санитарлық-профилактикалық, эпидемияға қарсы және мал індетіне қарсы шаралардың орындалуы туралы құжаттар талап етуге және комиссияның мәжілістерінде тиісті басшылардың хабарламасын тыңдауға ;

кінәсі бойынша жұқпалы аурулар эпидемияларына, мал індеттеріне немесе адамдар арасындағы тамақтан жаппай улануға жол берілген лауазымды тұлғаларды жұмыстан босату, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы тиісті органдарға материалдар жолдауға;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жұқпалы аурулардың профилактикасына және деңгейін төмендетуге, сондай-ақ тамақтан уланудың алдын алуға байланысты мәселелер енгізуге құқығы бар.

III. Жұмысты ұйымдастыру

7. Комиссия ағымдағы және алдағы болашақтағы мәселелерді шешуді көздейтін мынадай жұмыс жоспарын жүргізеді:

жұқпалы аурулардың және тамақтан уланудың пайда болуы мен таралуының алдын алу ;

заңды тұлғалардың жұқпалы аурулардың профилактикасы және оның таралуының алдын алу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Үкіметінің қаулыларын жүзеге асыру жөніндегі шараларды, сондай-ақ Комиссияның шешімдерін орындауы.

8. Комиссия қалыптасқан эпидемиялық және мал індеті жағдайын ескере отырып жоспарлы немесе кезектен тыс мәжіліс өткізеді және қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жасауды ұйымдастырады.

9. Комиссияның жұмысын ұйымдық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аппараты жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.04.28. N 389 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.14. N 576 қаулысымен.

10. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және ол орындау үшін заңды тұлғалар мен азаматтарға жолданады.

Хаттамаға мәжіліске төрағалық етуші адам мен жауапты хатшы қол қояды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 жылғы 3 маусымдағы

N 6 8 5 қаулысымен

Бекітілген

Эпидемияға қарсы республикалық төтенше

комиссияның жеке құрамы

Макиевский Н.М.

- Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің төрағасы, төраға

Бижанов Н.Қ.

- Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының бірінші
орынбасары, төрағаның орынбасары

Девятко В.Н.

- Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрі, төрағаның орынбасары

Алтынбеков С.А.

- Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары,
төрағаның орынбасары

Бисмилдин Ф.Б.

- Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігерінің орынбасары, хатшы

Комиссия мүшелері:

Әбиев М.К.

- Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын
үй және аумақтарда құрылыс салу
министрінің бірінші орынбасары

Әдуов Р.С.

- Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі
директорының орынбасары

- Әкімбеков Н.К. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
- Әлиғожанов С.Қ. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің бірінші орынбасары
- Алманиязов Ә.А. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтарды және халықты қорғау бөлімінің бастығы
- Арабов С.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісімі бойынша)
- Бәйішев К.С. - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрінің бірінші орынбасары
- Дерновой А.Г. - Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары
- Добрица З.П. - Қазақ обалаға қарсы күрес ғылыми-зерттеу институтының директоры
- Ерекешев С.В. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бас медициналық-санитарлық инспекторы
- Ерошенкова Г.В. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің жедел іс басқармасы бастығының орынбасары
- Ким А.Г. - Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрінің орынбасары

- Константинов А.В. - Қазақстан Республикасы Бас
прокурорының бірінші орынбасары
(келісімі бойынша)
- Кравчук А.В. - Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің Төтенше жағдайлардың алдын
алу бас басқармасының бастығы
- Крылов Ю.М. - "Қазақстан теледидары мен радиосы"
республикалық корпорациясының
в и ц е - п р е з и д е н т і
- Медеуов Е.Ө. - Қазақстан Республикасы Білім министрінің
орынбасары
- Малғаждаров А.Ә. - Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің Азаматтық қорғаныс бас
басқармасының бастығы
- Нұрғалиева Е. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары
- Омаров А.Д. - Алматы темір жол басқармасының
бастығы
- Отаров К.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің орынбасары
- Петров В.В. - Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің жедел іс бас басқармасының
бастығы
- Самакова А.Б. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары
- Сейітбатталов Б.Ж. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрінің Консулдық бас
басқармасының бастығы
- Сыпатаев М.Б. - Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық
станцияның бас дәрігері

- Тоқтаров Ж.Б. - "Қазақстан әуе жолы" ұлттық
акционерлік авиакомпаниясының бірінші
вице - президенті
- Тұрсынқұлов Ш.Ж. - Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік
малдәрігерлік инспекторы
- Үмбетбаев Т.А. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Шнитковский А.А. - Қазақстан Республикасы Кеден комитеті
төрағасының орынбасары